

## **"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 633 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1599 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге енгізілетін өзгеріс мақұлданын.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы арасындағы өзара іс-қимыл туралы қосымша келісімге қол қойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінде:

Кіріспеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) "Самұрық- Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Қор) және Қор тобына кіретін ұйымдарға (бұдан әрі – ұйымдар) қолданылады. Басқа акционерлері (қатысушылары) бар ұйымдар үшін осы Кодексті акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысында бекіту ұсынылады. Холдингтік компаниялар осы Кодексті өз тобына енгізуді қамтамасыз етуге тиіс.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғалар осы Кодекстің "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Серіктестіктер туралы заң) қайшы келмейтін бөлігіндегі ережелерін басшылыққа алуға тиіс.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акционер (қатысушы) – акцияның меншік иесі болып табылатын тұлға;

2) акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы – ұйымның жоғарғы органы. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында, ұйымның жарғысында айқындалады және осы Кодекстің 4-бөлімінде сипатталады;

3) әріптестер – өнім берушілер және мердігерлер, бірлескен жобалардағы әріптестер ;

4) даму жоспары – Қор немесе ұйым қызметінің негізгі бағыттарын және олардың қызметінің бес жылдық кезеңге арналған негізгі көрсеткіштерін айқындайтын, Директорлар кеңесі бекітетін құжат;

5) компаниялар – ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар;

6) корпоративтік қақтығыс – мыналардың: акционерлер мен Қор немесе ұйым органдарының; Қор немесе ұйым органдарының; Директорлар кеңесі және атқарушы орган мүшелерінің, ішкі аудит қызметі басшысының, корпоративтік хатшының арасындағы келіспеушіліктер немесе дау;

7) корпоративтік оқиғалар – "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – БҚР туралы заң) 102-бабында айқындалған, эмитент қызметіне елеулі әсер ететін, бағалы қағаздарды ұстаушылар мен эмитент инвесторларының мүдделерін қозғайтын оқиғалар;

8) Қор – "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы;

9) қызметтің негізгі көрсеткіштері (индикаторлары) (бұдан әрі – ҚНҚ) - Қор немесе ұйым қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын, тұтастай алғанда олардың, сондай-ақ Қор немесе ұйымның басшы жұмыскерлері қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер (ҚНҚ-нің Қордың немесе ұйымның даму жоспарының құрамында бекітілетін және олардың жоспарлы және есепті кезең ішіндегі қызметінің нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәні болады);

10) лауазымды тұлға – Директорлар кеңесінің, атқарушы органның мүшесі немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға;

11) мүдделі тараптар – заңнаманың нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) байланысты немесе жанама (қосалқы) түрде Қордың және/немесе ұйымның қызметіне, олардың өнімдеріне немесе қызметтеріне және осымен байланысты әрекеттерге әсер ететін немесе олардың әсерін бастан кешіруі мүмкін жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалардың топтары; бұл анықтама Қормен және ұйыммен таныс болуы немесе олар туралы пікір білдіруі мүмкін барлық тұлғаларға қолданылмайды; акционерлер, қызметкерлер, клиенттер, өнім берушілер, мемлекеттік органдар, еншілес ұйымдар, облигацияларды ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, Қордың немесе ұйымның қызметі жүзеге асырылатын өнімдердің халқы мүдделі тараптардың негізгі өкілдері болып табылады;

12) тәуелсіз директор – аталған акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы жөнінен үлестес тұлға болып табылмайтын; аталған акционерлік қоғамның немесе осы қоғам ұйымының үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы акционерлік қоғам органдарының отырысында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі;

13) омбудсмен – Қордың Директорлар кеңесі тағайындайтын, рөлі өзіне өтініш жасаған Қордың және ұйымдардың қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Қор және ұйым қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдем көрсету болып табылатын тұлға;

14) орнықты даму – бұл Қор және ұйым өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешім қабылдайтын даму;

15) ұйымдар – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде, меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында Қорға тиесілі заңды тұлғалар;

16) Үкімет – Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қордың жалғыз акционері;

17) холдингтік компания – басқа ұйымдардағы акциялар (қатысу үлестері) оған тікелей немесе жанама түрде тиесілі болатын және осы ұйымдар қабылдайтын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар компания.:";

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару қағидаттары" деген 1-бөлімде:

"Үкімет Қордың акционері ретінде" деген 1-тарауда:

2-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қор ұйымдарындағы активтер портфелін және акциялар пакетін (үлестерін) басқару Қордың даму стратегиясы шеңберінде анықталады.:";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Үкімет "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Қор туралы заң) және Қордың жарғысында көзделген Қордың жалғыз акционерінің және Қордың Директорлар кеңесіндегі өкілдіктің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана Қорды және ұйымдарды басқаруға қатысады. Үкімет пен Қордың

өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мен мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1599 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қордың арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімде (бұдан әрі – Өзара іс-қимыл туралы келісім) регламенттелген. Акционер ретінде Үкіметке қатысты осы Кодекстің "Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас" деген 4-тарауының Қор туралы заңға қайшы келмейтін бөлігіндегі қағидаттары қолданылады.

4. Елді тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамыту, экономиканың орнықтылығын қамтамасыз ету және ықтимал қолайсыз сыртқы факторлардың әсерінен қорғау мақсатында Қорды басқарудың аса маңызды мәселелері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы басқаратын Қорды басқару жөніндегі кеңестің (бұдан әрі – ҚБК) отырыстарында қаралады. ҚБК өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 1116 Жарлығымен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңес туралы" ережеге (бұдан әрі – Ереже) сәйкес жүзеге асырады.";

6-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қордың Директорлар кеңесінің құрамы және құзыреті Қор туралы заңға сәйкес айқындалады. Қордың Директорлар кеңесі Қор туралы заңда белгіленген тәртіппен сайланатын төраға мен мүшелерден тұрады. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директорлар арасынан жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен сайланады. Қордың Директорлар кеңесінің құрамы мына тұлғалардан жасақталады: мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы – Қордың жалғыз акционерінің өкілі; Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі; төрт тәуелсіз директор; Қор басқармасының төрағасы. Тәуелсіз директорларды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты осы Кодекстің "Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі" деген 5-тарауының Қор туралы заңға және Қордың жарғысына қайшы келмейтін бөлігіндегі талаптар қолданылады.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қор туралы заңның 8-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелері мен өзге де мемлекеттік қызметшілердің ҚБК ұсынымы бойынша сайлануын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері мен өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қор тобына кіретін ұйымдардың директорлар кеңестерінің немесе байқау кеңестерінің құрамдарына кіруіне тыйым салынады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қор Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қордың жарғысына, Өзара іс-қимыл туралы келісімге сәйкес акционер ретінде Үкіметке және Қордың Директорлар кеңесіне Қордың қызметі туралы барлық қажетті ақпаратты ашады және Қор мен ұйымдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді.";

8-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жалғыз акционер Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша қаржылық есептілікте Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қаржыландыру сомасын көрсете отырып, Қордың жобаларды қаржыландыруы туралы шешім қабылдайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қордың Директорлар кеңесі, Қордың басқармасы, Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері, Қордың корпоративтік хатшысы және ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) өз қызметін "Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі" деген 5-тараудың және "Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит" деген 6-тараудың Қор туралы заңға қайшы келмейтін бөлігіндегі қағидаттарға сәйкес жүзеге асырады.";

10-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мәселелерді неғұрлым тереңірек және сапалы пысықтау үшін Қордың Директорлар кеңесінің жанынан тұрақты жұмыс істейтін: аудит, тағайындау және сыйақы, стратегия комитеттері, Мамандандырылған комитет құрылады. Өзге комитеттер Қордың Директорлар кеңесінің қарауына қарай құрылуы мүмкін. Стратегия жөніндегі комитет стратегиялық жоспарлау мәселелерін қарастырады, оның басшысы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы болып табылады.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қордың немесе ұйымның Аудит комитеті тәуелсіз директорлардан ғана тұрады. Комитет білікті сарапшыны тартқан жағдайда, осы тұлғаның дауыс беру құқығы болмауға тиіс. Сарапшы тарту туралы шешімді Аудит жөніндегі комитет қабылдайды және оны тарту мәселесі жыл сайынғы қызмет тиімділігі мен тәуелсіздігі мәні бойынша қаралуға тиіс. Қордың мамандандырылған комитеті Қор тобына кіретін ұйымдар қызметінің экономиканы немесе экономиканың жеке алынған саласын дамытуға әсерін Қор туралы заңға сәйкес кешенді және объективті түрде талдауды жүзеге асырады. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің өкілі Мамандандырылған комитеттің тұрақты мүшесі – дауыс беру құқығы бар сарапшы болып табылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қорда корпоративтік хатшы тағайындалады. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды, корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін, корпоративтік хатшыға қойылатын талаптарды, функциялары мен қызмет тәртібін, корпоративтік хатшының лауазымдық айлық мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындайды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесінің, жалғыз акционердің тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және осы Кодекс ережелерін қолданудағы барлық мәселелер бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылу мониторингін және Қор мен ұйымдардағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды.";

"Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі" деген 2-тарауда:

3-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қор туралы заңға сәйкес барлық дауыс беретін акциялары Қордың меншігіндегі компанияның Жарғысында Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне кіретін мәселелер осындай компанияның тиісінше Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құзыретіне жатқызылуы мүмкін. Осындай жағдайларда құзыретті төмен тұрған органға берген орган берілген құзыреттердің іске асырылуына мониторингті жүзеге асыруға тиіс.";

"Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі" деген 5-тарауда:

6-тармақта:

үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау процесі Акционерлік қоғамдар туралы заңда және ұйымның Жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Көрсетілген ұйымдарда Директорлар кеңесінің құрамын, қажетті дағдылар мен құзыреттерді және Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді айқындауға ұйым Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитетін тарту ұсынылады.

Қор туралы заңның 8-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелері мен өзге де мемлекеттік қызметшілердің ҚБК ұсынымы бойынша сайлануын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері мен өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қор тобына кіретін ұйымдардың директорлар кеңестерінің немесе байқау кеңестерінің құрамдарына кіруіне тыйым салынады.";

15-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды, корпоративтік хатшының

өкілеттік мерзімін, корпоративтік хатшыға қойылатын талаптарды, функциялары мен қызмет тәртібін, лауазымдық айлықақы мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілейді, корпоративтік хатшы қызметін (хатшылық) құру туралы шешім қабылдайды және көрсетілген қызметтің бюджетін айқындайды. Корпоративтік хатшы Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді және Қордың атқарушы органға тәуелсіз болады. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесі, жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және осы Кодекс ережелерін қолданудағы барлық мәселелер бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылу мониторингін және Қор мен ұйымдардағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды. Корпоративтік хатшы сондай-ақ Қордың жылдық есебінің құрамына енгізілетін осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп дайындауды да жүзеге асырады. Бұл есепте тиісті түсініктемелері келтіріле отырып, Кодекстің сақталмай отырған қағидаттары мен ережелерінің тізбесі қамтылуға тиіс.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Компанияның бірінші басшысы лауазымына кандидатураны тағайындауға (сайлауға) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі ұсынады (ұсыныс береді), компания Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген тиісті тізімге енгізілген жағдайда, Президент Әкімшілігімен келісіледі.

Атқарушы органның басшысын іздеу мен сайлау тәртібі Қордың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады."

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару қағидаттарына аннотациялар" деген 2-бөлімде:

"Үкімет Қордың акционері ретінде" деген 1-тарауда:

2-тармақта:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қор ұйымдарындағы активтер портфелін және акциялар пакетін (үлестерін) басқару Қордың даму стратегиясы шеңберінде анықталады.";

он жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұйымдардың жаңа активтерін сатып алу және/немесе олардың акцияларын сату кезінде қатысу үлесін айқындауды қоса алғанда, активтер портфелін басқару Қордың Директорлар кеңесі бекіткен Қордың даму стратегиясында және Қордың инвестициялық саясатында белгіленген стратегиялық міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады.";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Үкімет Қор туралы заңда және Қордың жарғысында көзделген Қордың жалғыз акционерінің және Қордың Директорлар кеңесіндегі өкілдіктің өкілеттіктерін іске асыру арқылы ғана Қорды және ұйымдарды басқаруға қатысады. Үкімет пен Қордың

өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мен мәселелері Өзара іс-қимыл туралы келісімде регламенттелген. Акционер ретінде Үкіметке қатысты осы Кодекстің "Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас" деген 4-тарауының Қор туралы заңға қайшы келмейтін бөлігіндегі қағидаттар қолданылады.

4. Елді тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамыту, экономиканың орнықтылығын қамтамасыз ету және ықтимал қолайсыз сыртқы факторлардың әсерінен қорғау мақсатында Қорды басқарудың мәселелері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы басқаратын ҚБК отырыстарында қаралады. ҚБК өз қызметін Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы ҚБК төрағасы болып табылады. ҚБК құрамы және оның ережесі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі.

ҚБК Қор мен ұйымдар қызметінің мәселелерін тыңдайды және ҚБК туралы ережеге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қор қызметінің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) Қордың даму стратегиясын мақұлдау және оны іске асыру барысы туралы Қордың жыл сайынғы есебін қарау, сондай-ақ Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономиканың басым секторлары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат бөле отырып, Қордың әлеуметтік маңызы бар және индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, Қазақстан экономикасын әртараптандыру мен жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысуы жөніндегі ұсыныстарын қарау;

4) Қордың тәуелсіз директорлары ретінде сайлау үшін кандидатураларды, сондай-ақ Қордың тәуелсіз директорларына сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын келісу;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесін немесе өзге де мемлекеттік қызметшіні Қор тобына кіретін ұйымның директорлар кеңесінің немесе қадағалау кеңесінің құрамына сайлау үшін ұсынымдар беру.";

6-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қордың Директорлар кеңесінің құрамы және құзыреті Қор туралы заңға сәйкес айқындалады. Қордың Директорлар кеңесі Қор туралы заңда белгіленген тәртіппен сайланатын төраға мен мүшелерден тұрады. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директорлар арасынан жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен сайланады. Қордың Директорлар кеңесінің құрамы мына тұлғалардан қалыптасады: мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы – Қордың жалғыз акционерінің өкілі;



Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі; төрт тәуелсіз директор; Қор басқармасының төрағасы. Тәуелсіз директорларды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты осы Кодекстің "Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі" деген 5-тарауының Қор туралы заңға және Қордың Жарғысына қайшы келмейтін бөлігіндегі талаптар қолданылады.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қор туралы заңның 8-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және өзге де мемлекеттік қызметшілердің ҚБК ұсынымы бойынша сайлануын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қор тобына кіретін ұйымдардың директорлар кеңестерінің немесе байқау кеңестерінің құрамдарына кіруіне тыйым салынады.";

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қор Акционерлік қоғамдар туралы заңға, БҚР туралы заңға, сондай-ақ ақпаратты ашуды реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне, Қордың жарғысына, Өзара іс-қимыл туралы келісімге сәйкес акционер ретінде Үкіметке және Қордың Директорлар кеңесіне Қордың қызметі туралы барлық қажетті ақпаратты ашады және Қор мен ұйымдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді.";

8-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жалғыз акционер Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша қаржылық есептілікте Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қаржыландыру сомасын көрсете отырып, Қордың жобаларды қаржыландыруы туралы шешім қабылдайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қордың Директорлар кеңесі, Қордың басқармасы, Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері, Қордың корпоративтік хатшысы және Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) өз қызметін "Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі" деген 5-тараудың және "Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит" деген 6-тараудың Қор туралы заңға қайшы келмейтін бөлігіндегі қағидаттарға сәйкес жүзеге асырады.";

10-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мәселелерді неғұрлым тереңірек және сапалы пысықтау үшін Қордың Директорлар кеңесінің жанынан тұрақты жұмыс істейтін: аудит, тағайындау және сыйақы, стратегия комитеттері, Мамандандырылған комитет құрылады. Өзге комитеттер Қордың Директорлар кеңесінің қарауына қарай құрылуы мүмкін. Стратегия жөніндегі комитет стратегиялық жоспарлау мәселелерін қарастырады, оның басшысы

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы болып табылады.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қордың немесе ұйымның Аудит комитеті тәуелсіз директорлардан ғана тұрады. Комитет білікті сарапшыны тартқан жағдайда, осы тұлғаның дауыс беру құқығы болмауға тиіс. Сарапшыны тарту туралы шешімді Аудит комитеті қабылдайды және оны тарту мәселесі жыл сайын қызмет тиімділігі мен тәуелсіздігі мәніне қаралуға тиіс. Қордың Мамандандырылған комитеті Қор тобына кіретін ұйымдар қызметінің Қор туралы заңға сәйкес экономиканы немесе экономиканың жеке алынған саласын дамытуға әсерін кешенді және объективті түрде талдауды жүзеге асырады. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің өкілі Мамандандырылған комитеттің тұрақты мүшесі – дауыс беру құқығы бар сарапшы болып табылады.";

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мамандандырылған комитет өз жұмысын Қордың Директорлар кеңесі бекіткен, Қор туралы заңға және Қордың жарғысына сәйкес әзірленген Ережеге сәйкес жүзеге асырады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қорда корпоративтік хатшы тағайындалады. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды, корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін, корпоративтік хатшыға қойылатын талаптарды, функциялары мен қызмет тәртібін, корпоративтік хатшының лауазымдық айлық мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындайды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесінің, жалғыз акционердің тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және осы Кодекс ережелерін қолданудағы барлық мәселелер бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылу мониторингін және Қор мен ұйымдардағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды.";

"Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі" деген 2-тарауда:

3-тармақтың алтыншы және жетінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Қор туралы заңға сәйкес барлық дауыс беретін акциялары Қор меншігінде компанияның Жарғысындағы Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне кіретін мәселелер осындай компанияның тиісінше Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құзыретіне жатқызылуы мүмкін. Осындай жағдайларда құзыретті төмен тұрған органға берген орган берілген құзыреттердің іске асырылуына мониторингті жүзеге асыруға тиіс.

Ұйымдарды басқару жөніндегі Қордың қызметі Қазақстан Республикасының Акционерлік қоғамдар туралы, Қор туралы заңдары мен еншілес және тәуелді ұйымдарды басқаруды реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.";

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қор туралы заңға сәйкес Қор компанияларға қатысты бірыңғай саясатты қалыптастырады, ұйымдарға арналған әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекітеді. Осындай бағыттар адами ресурстарды, ақпараттық технологияларды, инвестицияларды, инновацияларды басқару, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару, жоспарлау, экономика мен қаржы және өзге де мәселелерді қамтиды. Холдингтік компаниялар өз тобы үшін Қордың корпоративтік стандарттарымен жабылмаған немесе Қордың саясатын және корпоративтік стандарттарын толықтыратын/нақтылайтын бағыттар бойынша бірыңғай саясаттарды бекітуі мүмкін.";

"Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынас" деген 4-тарауда:

2-тармақта:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Акционер (қатысушы) ашатын ақпарат тізбесі БҚР туралы заңның 102-бабында, Шаруашылық серіктестіктері туралы, Серіктестіктер туралы заңдарда, заңды тұлғаның құрылтай құжаттары мен ішкі құжаттарында және осы Кодекстің "Ашықтық" деген бөлімінде келтірілген.";

алтыншы бөлік мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) БҚР туралы заңның 102-бабының 2-тармағында көзделген ақпаратты қамтитын қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурсы,";

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Акционердің (қатысушының) талабы бойынша ұйым Акционерлік қоғамдар туралы заңның 80-бабында көзделген тәртіппен құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.";

он үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу тәртібі Акционерлік қоғамдар туралы заңға (Серіктестіктер туралы заңға), Жарғыға және ұйымның ішкі қызметін реттейтін ұйымның өзге де ішкі құжаттарына не акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының шешіміне сәйкес айқындалады. Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа қатысуға құқығы бар адамдардың барынша көп саны не шешімдерді бірауыздан қабылдауды талап ететін мәселелерге қатысты барлық адамдар қатыса алатындай қолайлы уақытқа белгіленеді.";

жиырмамыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын шақырту туралы хабардар ету тәсілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық акционерлердің (қатысушылардың) уақтылы хабардар етілуін қамтамасыз етуі қажет. Қажеттілік болған кезде хабарландырудың өзі де қайталанатын, сонымен қатар хабардар етудің әртүрлі тәсілдері, оның ішінде ұйымның корпоративтік интернет-ресурсы пайдаланылады. Ұйымның қызметі туралы барлық акционерлерге (қатысушыларға) бір мезгілде ақпарат беру мақсатында оларға тең қатынасты қамтамасыз ету үшін акционерлер (қатысушылар) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпарат жариялайды.";

отыз тоғызыншы, қыркыншы, қырық бірінші және қырық екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Дивидендтік саясат Қордың жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметімен дивидендтерді төлеу мәселелері бойынша өзара қарым-қатынасының негіздерін айқындайды. Дивидендтік саясаттың негізгі қағидаттары мынадай болып табылады:

- 1) Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;
- 2) Қордың және Қор тобы компанияларының ұзақ мерзімді құнын ұлғайту;
- 3) Қордың және Қор тобы компанияларының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету;

- 4) Қордың қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлері және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қордың қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету;

- 5) дивидендтер мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығы;

- 6) жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (Қорды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі;

- 7) есепті жылдан кейінгі жылы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша іске асыру жоспарланған жобаларды Қордың қаржыландыру көлеміне төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту.

Дивидендтерді есептеудің негізгі тәсілдері Дивидендтік саясатта көрсетілген.

Қордың дивидендтерді төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қор жарғысымен регламенттеледі.";

"Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі" деген 5-тарауда:

6-тармақта:

үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау процесі Акционерлік қоғамдар туралы заңда және ұйымның Жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Көрсетілген

ұйымдарда Директорлар кеңесінің құрамын, қажетті дағдылар мен құзыреттерді және Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді айқындауға ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитетін тарту ұсынылады.

Қор туралы заңның 8-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қорды басқару жөніндегі кеңестің ұсынымы бойынша сайлануын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қор тобына кіретін ұйымдардың директорлар кеңестерінің немесе байқау кеңестерінің құрамдарына кіруіне тыйым салынады.";

он төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Директорлар кеңесінің сандық құрамы теңгерімді болуы қажет, ол ұйымның мүдделерінде шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін және акционерлерге әділ қарым-қатынасты ескере отырып, Директорлар кеңесі мүшелерінің үйлесімін (акционерлердің өкілдері, тәуелсіз директорлар, атқарушы органның басшысы) білдіреді. Қор туралы заңның 8-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қордың басқару жөніндегі кеңестің ұсынымы бойынша сайлануын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қор тобына кіретін ұйымдардың директорлар кеңестерінің немесе байқау кеңестерінің құрамдарына кіруіне тыйым салынады.";

он тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірнеше акционері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау процесі Акционерлік қоғамдар туралы заңда және ұйымның Жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Көрсетілген ұйымдарда Директорлар кеңесінің құрамын, қажетті дағдысы мен құзыретін айқындауға ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындау мен сыйақы комитетін тарту және Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді тарту ұсынылады.";

15-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды, корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін, корпоративтік хатшыға қойылатын талаптарды, функциялары мен қызмет тәртібін, лауазымдық айлықақы мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілейді, корпоративтік хатшы қызметін (хатшылық) құру туралы шешім қабылдайды және көрсетілген қызметтің бюджетін айқындайды. Корпоративтік хатшы Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді және Қордың атқарушы органға тәуелсіз болады. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесі, жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және осы Кодекс ережелерін қолданудағы барлық мәселелер бойынша кеңесші рөлін орындауды,

сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылу мониторингін және Қор мен ұйымдардағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды. Корпоративтік хатшы сондай-ақ Қордың жылдық есебінің құрамына енгізілетін осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп дайындауды да жүзеге асырады. Бұл есепте тиісті түсініктемелері келтіріле отырып, Кодекстің сақталмай отырған қағидаттары мен ережелерінің тізбесі қамтылуға тиіс."

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Компанияның бірінші басшысы лауазымына кандидатураны тағайындауға (сайлауға) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі ұсынады (ұсыныс береді), компания Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген тиісті тізімге енгізілген жағдайда, Президент Әкімшілігімен келісіледі.

Атқарушы органның басшысын іздеу мен сайлау тәртібі Қордың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.";

2) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 1418 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының жарғысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қордың (оның Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е 10 көшесі, 17/10."

49-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қордың директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;"

мынадай мазмұндағы 15-4) тармақшамен толықтырылсын:

"15-4) Қордың Қоғамдық кеңесі туралы ережені бекіту;"

60-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Қордың Директорлар кеңесінің құрамы мына тұлғалардан құралады: мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы – Қордың жалғыз акционерінің өкілі;

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі;

т ө р т т ә у е л с і з д и р е к т о р ;

Қор басқармасының төрағасы.";

63-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы (бұдан әрі – Директорлар кеңесінің төрағасы) Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен тәуелсіз директорлар арасынан жасырын дауыс беру арқылы сайланады.";

73-тармақ мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткізілетін сатып алуға қолжетімділіктің бірыңғай нүктесін қалыптастыру мақсатында сатып алудың ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпараттық жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 12-1-бөліммен толықтырылсын:

"12-1. Қордың Қоғамдық кеңесі.

86-1. Азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру, Қор мен Қор тобына кіретін ұлттық компаниялар қызметінің есептілігі мен ашықтығын арттыру мақсатында Қор "Қоғамдық кеңестер туралы" және "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес консультативтік-кеңесші орган – Қордың Қоғамдық кеңесін құрады".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 13 қыркүйектегі  
№ 633 қаулысына  
1-қосымша

### **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге енгізілетін өзгеріс**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1599 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімде:

5-тараудың 1-тармағы алып тасталсын.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 13 қыркүйектегі  
№ 633 қаулысына  
2-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1599 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге ҚОСЫМША КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1599 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік

қоғамы арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) мыналар туралы осы қосымша келісімді жасады:

1. Келісімге мынадай өзгеріс енгізілсін:

5-тараудың 1-тармағы алып тасталсын.

2. Осы қосымша келісім қозғамаған Келісімнің қалған шарттары өзгеріссіз қалады және тараптар олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

3. Осы қосымша келісімге Нұр-Сұлтан қаласында 20 \_\_\_\_ " \_ " \_\_\_\_\_ заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада қол қойылды.

4. Осы қосымша келісім Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Келісім қолданылатын мерзімде қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат  
қоры" АҚ үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК